

В КазНУ им. аль-Фараби успешно реализуется очень важный проект, инициированный ректором академиком Галымом Мутановым, – «100 кітап». В рамках данного проекта при поддержке известного казахстанского политолога Досыма Сатпаева при кафедре политологии и политических технологий факультета философии и политологии открыта специализированная библиотека по политической науке.

## С КНИГОЙ В ПОЛИТИКУ

В фонд библиотеки передали книги Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, Институт мировой экономики и политики при фонде Первого Президента, Фонд имени Фридриха Эберта в Центральной Азии, Институт национальных исследований, Центр социально-политических исследований «Стратегия», журнал «Exclusive». Сегодня она становится новой научной площадкой не только для студентов-политологов, но и для всей молодежи, интересующейся политикой.

Продолжение на 2 стр.

## ҮЗДІКТЕР ОРДАСЫ

Келелі кеңестің кезекті отырысы үздік студенттерге шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды.

Алғашқы болып оқуда озат, қоғамдық өмірге белсене атсалысып жүрген студенттерге марапат көрсеткен химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердос Оңғарбаев жалпы мөлшері 4 млн. 205 мың теңге көлемінде аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының 16 студентіне, 1 млн. теңге көлемінде жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының 6 студентіне, 2 млн. 500 мың теңге көлемінде физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының 13 студентіне, 1 млн. теңге көлемінде химиялық физика және материалтану кафедрасының 6 студентіне, 460 мың теңге көлемінде органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер кафедрасының 8 студентіне шәкіртақы табыстады. Сондай-ақ, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі Ермек Чукубаев пен халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі Сағынғали Айдарбаев кафедраның 34 студентіне жалпы мөлшері 20 млн 572 мың теңге және дипломатиялық аударма кафедрасының екі студентіне 1 млн теңге, халықаралық құқық кафедрасының 12 студентіне жалпы көлемі 2 млн теңге мөлшерінде шәкіртақы тапсырды. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі Серікқали Тыныбеков 3 студентке, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі Меруерт Құрманбаева 18 студентке, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі Данель Карагойшиева 5 студентке, «Ай-ару» орталығының директоры Гүлмария Оспанова казак тілі мен әдебиеті кафедрасының 3 студентіне 100 мың теңге көлемінде шәкіртақы табыстады.

Жиын барысында университеттің өзге де жетістіктері сөз болды. Бас ғалым хатшы Л.Шайкенова Түркі университеттері қауымдастығы ұйымдастырған I спорттық жарыстардың қорытындысы бойынша ҚазҰУ командасы I орынға ие болғанын зор қуанышпен хабарлады. Аталмыш жарыс Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия елдері арасында волейбол, баскетбол, футбол, грек-рим және еркін күрес, таяқ тартыс сияқты спорт түрлері бойынша өткен. Осы орайда университет қанжығасындағы тағы бір жүлде – КР ЖОО-лары универсиадасында жүзу бойынша ҚазҰУ-дың ерлер және әйелдер командасы жеңіске жеткендігін атап өту керек.

Жалғасы 2-бетте

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстанның мемлекеттік және саяси қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Нұртай Абықаевтың төрағалығымен Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы Президиумының отырысы өтті.



Күн тәртібіндегі басты мәселе ретінде Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының талаптары мен басым бағыттары талқыланды. Өз сөзінде Н. Абықаев Елбасының қазақстандықтар үшін қоғам жаңғыруы түсінігінің маңызды міндеттерін анықтап, біртұтас қуатты ұлт пен жауапкершілігі мол адамдардан құралған ел болуды алға қойғандығын атап өтті. Мемлекет басшысы атап өткендей, нақты жалғыз адам мен бүтіндей тұтас ұлттың бәсекеге қабілеттілігі сапаға тәуелді. Оған жету үшін бірінші кезекте қоғам санасын өзгертіп, мінсіз жиынтық құру керек. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы жиында сөйлеген сөзінде ұлттық инновациялық жүйені құрудың тиімділігі елдің дамуы мен инновациялық екіпін алып келетіндігіне назар аударды. Инновациялық мақсатты көздеп, қоғам ұлттық сәйкестікті сақтауды, білім мен ұлттық кодты өсіруді ойлау керек. Ғылыми қоғамдастық жоғары сапалы кәсіпқой мамандар мен ел азаматтары үшін рухани ынталандырудың қалыптастыру дәйрегі болып табылады.

Жиын барысында Н. Абықаевтың «Приоритеты устойчивого экономического развития на этапе новой (третьей) модернизации Казахстана» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітап Елбасы Жолдауына ғылыми негізде түсінік береді. Онда Қазақстанның халықаралық шаруашылық жүйесіндегі орнын өзгертен ішкі саясаттың онды нәтижелері сипатталған. Автор өз еңбегінде негізгі мәнді Президент стратегиясына береді. Экономика негізі және Еуразия бірігуінің алғышарттары ретінде Елбасының инновациялық ұсыныстарына, сонымен қатар ашық экономиканың жаңа үлгісіне баса назар аударған.

Энергоэкология стратегиясына байланысты Нұрсұлтан Назарбаевтың ғылыми көзқарастары да кітаптан ерекше орын алған. Стратегияның инновациялық жаңартулар мен оның келешектегі қауіпсіздігі үшін сұранысы жоғары. «Осы ретте ЭКСПО дүниежүзілік көрмесінің Қазақстанда, Астанада ұйымдастырылып жатқандығының мәні зор. Қазақстандық ғалымдар мен инженерлер конгресс өткізу арқылы энергетиканың қалыпқа келетін баламалы қайнар көздерінің заманауи үрдісін талқылайтын болады», – деді Нұртай Абықаев.

Алқалы кенесте Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполов, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, профессор Анатолий Спицин сөз алып, Қазақстанның даму жетістіктерін және табыс жолын халықаралық қоғамдастық жоғары бағалағандығын тілге тиек етті. Президент жоспары Қазақстан дамуының стратегиялық нысандарына бағытталған. Жоспардың сәтті орындалуы жақсы нәтижелерге жеткізіп, 30 дамыған мемлекеттің қатарына қосылуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жиында Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы қоғамдық бірлестігі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Стратегиялық серіктестік орнату арқылы ғылыми-техникалық және білім беру бағыттарында ортақ күш жұмсау, бірлескен жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр.

Г. БАЯНДИНА

### БҮГІНГІ САНДА:

СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ҚАБЫРҒАСЫНАН  
БАСТАЛАДЫ



3-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА  
НЕГІЗ БОЛҒАН МАҚАЛА



4-бет

ШЫНЫҚСАҢ,  
ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ!



8-бет

# КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Корей түбектерін біріктіру мәселесі

■ ПЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ҮЗДІКТЕР ОРДАСЫ

Күн тәртібіндегі жаңалықтар легі мәжілістің маңызды мәселелерімен ашылды. 2017 жылғы білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру және түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы Мансап және кәсіби даму орталығының директоры Мұрат Сейсембиев хабарлады. Ол әр факультеттегі студенттер тәжірибесін жүйелеп берді. Осы бағытта Мансап және кәсіби даму орталығы 2016-2017 оқу жылы бірқатар іс-шаралар ұйымдастырған. М.Сейсембиевтің айтуынша, ҚазҰУ студенттеріне тек Алматы қаласынан ғана емес, Қазақстанның әр аймағынан бос орындар туралы хабар келіп, ұсыныстар түсіп жатқан көрінеді. Мәселен, өндірістік тәжірибеден өту үшін 456 адамға 150 сұраныс, түрлі ұйымдардан 50 сұраныс түсіп, 32 адам іріктеуден өткен. Сондай-ақ стратегиялық серіктестерден 240 бос орын туралы ақпарат пен 86 компаниядан стратегиялық серіктестік туралы келісім келіп түскен. Өз сөзінде ол: «Университет Хуавей, Кока-Кола, Қазақтелеком, Самұрық-Қазына, Мерседес Бенз сынды ірі компаниялармен серіктестік тығыз қарым-қатынаста. Қазіргі таңда студенттер айтулы мекемелерден тәжірибеден өтіп, жұмысқа орналасуға мүмкіндік алып жатыр», – деді. Мәселен, ЖОО-лардың ішінен Элит рекрутингтік компаниясында ҚазҰУ студенттері ең үздік деп бағаланғандығы – ақпараттың айқын дәлелі. Ал 2016-2017 жылдары осы компаниядан тәжірибеден өткен 9 баланың барлығы, Қазком банкінде тәжірибе жинақтаған 15 баланың жетеуі жұмысқа орналасқан.

Ректорат кеңесінде оқу жылы қорытындыланып, оқу ақысы бойынша қарыздар да назардан тыс қалмады. Экономика және қаржы департаментінің директоры Хәкімжан Малаев 2017 жылғы оқу және Студенттер үйінде тұру ақысы бойынша қарыздар турасында есеп берді.

Сонымен қатар, QS сарапшыларымен жұмыс туралы баяндама жасаған Стратегиялық даму орталығының директоры Ерлан Түргенбаевтың ақпаратында 2016-2017 жылдардағы әр факультеттің академиялық және жұмыс берушілер арасындағы беделін жік-жігімен жекелеп көрсетіп, сауалнама бойынша дауыс берудің салыстырмалы талдауын жасады.

Өз кезегінде филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы Қытай еліне жасаған іссапары жайлы баяндады. Сапардың мақсаты ғылыми жобаға қажетті материалдарды, ғылыми еңбектерді қарастыру, Орталық ұлттар университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде және Бейжің Шет тілдер университетінің қазақ тілі кафедрасы студенттеріне дәрістер оқу; Орталық ұлттар университетінің екі дипломдық бағдарламасының келісім шарттарын дайындау және бекітуге негізделді. Ө. Әбдиманұлы Бейжіңге сапары барысында Орталық ұлттар университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде әдебиет тарихынан дәріс оқып, қазақ тілін үйренгісі келетін талапкерлермен кездескенін айтты. Факультет деканы Қытайдағы Қазақстан елшісінің кеңесшісі Қайрат Әбдірахмановпен бірлесіп Шанхай Шет тілдер университетінде ашылған Қазақстан орталығы жанынан «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын ашу жөніндегі мәселелерді қарастырған. Баяндамасында ол Бейжің Шет тілдер университеті жанындағы Қазақстан орталығының 2016-2017 оқу жылының I жартысында атқарған ғылыми-әдістемелік, мәдени-танымдық іс-шаралары туралы есеп берді. Ө. Әбдиманұлының айтуынша, Орталық ұлттар университеті екі дипломдық бағдарламаны жүзеге асыру жайында қызығушылық танытып отыр.

Жазгерке ҚАРАТАЕВА

ұлттық университетінде өткізіліп отырған бүгінгі форумның маңыздылығы мен өзектілігі жоғары», – деп өз сөзін тұжырымдады.

ҚазҰУ профессоры Ким Герман корей ұлтының өкілі және Қазақстан азаматы ретінде корей диаспорасына ризашылығын жеткізді. Біріктіру саясаты бойынша департамент директоры Сонг Ги Енг Қазақстанға алғаш рет келіп, еліміздегі корей ұлтының көптігіне таң қалғандығын айтты. Қазақстан мен Оңтүстік Корея елдерінің арасындағы экономикалық қарым-қатынасқа биыл 25 жыл толып отырғанын ескере келе, екі ел арасындағы байланыс табыстылығын атап өтті.

Корей ұлтының қазақ жеріндегі тарихы 1937 жылдан бастау алады. Осы жылы Сталиннің бастамасымен корей халқын Орталық Азияға, оның ішінде Қазақстанға жер аудару туралы шешім қабылданды. Небәрі 24 сағаттың ішінде аударылсын деген бұйрық берілгендіктен, корей халқының көшірілуі аса қатаң түрде жүргізіледі. Қазақ жеріндегі 100 мыңнан астам корей ұлтының тарихы осы кезден бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр.

Корей түбегін біріктіру мәселесі жөніндегі форум биылғы жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алтыншы рет ұйымдастырылып отыр. Форум барысында жыл сайын Корей елдеріне қатысты аса маңызды тақырыптар талқыланады. Бұл Қазақстан мен Оңтүстік Корея елінің ынтымақтастығының белгісі болып табылады.

Адина АНАРБЕКОВА



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Корей түбектерін біріктіру мәселесі бойынша халықаралық ғылыми форум өтті. Форумды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Корея Республикасының Біріктіру министрлігі, Кореяны бейбіт әрі демократиялық тұрғыда біріктіру жөніндегі Орталық-Азиялық Консультативтік кеңес, Қазақстан көрістерінің қауымдастығы және Алматыдағы Ұлттық корей орталығы бірлесіп ұйымдастырды.**

Биыл корей ұлтының бұрынғы кеңес елдерінің аумағына жер аударылғанына 80 жыл толып отыр. Форумның негізгі мақсаты – аталған тарихи оқиғаны негізге ала отырып, Солтүстік Кореяның бүгінгі жағдайымен танысу, Корей түбегін біріктіру жөніндегі идеяны тарату, сонымен қоса Қазақстан мен корей қоғамы арасындағы байланыс пен бірлікті дамыту.

Шара барысында сөз алған ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев форумның екі ел үшін маңыздылығын атап, қатысушыларға алғыс білдірді. Ол: «Қазақстан

мен Корей мемлекеттерінің басшылары Қазақстандағы корей ұлтының диаспорасы екі елді байланыстырушы көпір екенін атап өткен болатын. Бүгінде біз Қазақстанның айырылмас бөлігі болған корей ұлтының қоныс аударуының 80 жылдығын атап өтудеміз. Көрістердің Қазақстанға қоныс аударуы – ел тарихының аса маңызды бөлігі. Мен Қазақстандағы корей ұлты Солтүстік пен Оңтүстік Корея елдері қарым-қатынастарының жақсаруына зор үлес қосатынына сенімдімін. Қазақстанның бейбіт саясатта, халықаралық қатынастар кезінде дәнекерлік тәжірибесі бар. Сондықтан Қазақ

Продолжение. Начало на 1 стр.

## С КНИГОЙ В ПОЛИТИКУ



профессорами-политологами Университета Мэри Вашингтон из Вирджинии.

Уникальность этой специализированной библиотеки заключается в том, что у студентов есть возможность не только читать книги, но и использовать их в процессе лекционных и семинарских занятий, и даже во время перерыва между занятиями. Кроме того, сегодня библиотека становится местом встречи и дискуссионной площадкой, где известные ученые, эксперты и общественные деятели проводят презентации своих книг, обсуждают актуальные проблемы современной политической науки. Именно на таких встречах мы предложили «100 книг о политике», которые

должны прочитать студенты-политологи.

О роли книг в жизни человека можно говорить очень много. Книги помогают находить истины, углубляют знания. А знание и компетенции – это главное оружие конкурентоспособности в современном мире. И когда культ знания, культ книг станут важным кредом студентов, тогда мы сможем говорить о высоком цивилизованном уровне развития нашей страны.

Гульнар НАСИМОВА,  
заведующая кафедрой политологии  
и политических технологий, профессор

# СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде жуырда сот талқылауы және медиация оқу залы ашылды.**



зангерлерді тәжірибелік тұрғыда даярлау.

Сондай-ақ аудиторияның ашылуында сөз алған заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдинов: «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес жоғары оқу орнында оқытандардың пәндік және пәнаралық даярлығын, зертханалық, тәжірибелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін өткізуді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базасы болуға тиіс. Олар «Құқықтану» мамандығының білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген. Бұл ретте, жоғары

оқу орны материалдық-техникалық базаға сай келетін сот талқылауларының оқу залын қамтитын білім қызметін қамтамасыз етеді. Осы зал заң талаптарына қатаң сәйкестікте тұрғызылды, сот талқылауларының қолданыстағы заңдары үшін қабылданған стандарттарға сәйкес жабдықталды, сот процесіне қатысушыларды орналастыру үшін арнайы орындар бөлінді», — деп оқу залының дайындалу барысына тоқталды.

Шара аясында университеттің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы мен қалалық сот арасында

ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Алдағы уақытта судьялар студенттерге дәріс оқып, оқу процесін жүргізуге белсенді қатысатын болады.

Менің ойымша, аудиториядағы мемлекеттік рәміздердің өзі студенттерге ерекше әсер етіп, оларды тәртіпке келтіреді. Аудитория студенттерде сот жүйесіне деген құрмет сезімін тудырады. Олар бұл істердің өз болашағы үшін қажет екендігін түсіне отырып, алғаумтыла бастайды. Сот процесін өз көздерімен көреді. Себебі, жуық арада лауазымдағы судьялар аталмыш аудиторияда студенттермен бірге жұмыс істей бастайды.

Сот мәжілісі оқу залының жұмысы тек ойындық жағдаяттармен ғана шектелмейді. Алдағы уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сот талқылауы және медиация оқу залында тек азаматтық істер бойынша ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2017 жылғы пилоттық жобасының режимінде қазір кенінен қолданылатын, оның ішінде республиканың мемлекеттік билік органдары өкілдерінің қатысуымен татуластыру рәсімдері бойынша оқу процесінің жүйелі түрде өткізу жоспарлануда. Оқу залының әлеуеті, сондай-ақ Алматы қаласының заңдық білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету және білім беру ортасында салауатты сайыскерлікті қолдау үшін жоғары оқу орындары арасында заңдық оқу процесін жүргізуге мүмкіндік береді.

**Серікқали ТЫНЫБЕКОВ,**  
з.ғ.д., профессор, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

**Биология және биотехнология факультетінің «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен «Al-Farabi Alumni Talks» жобасы аясында университет түлегі, елімізде мыңдаған баланың «анасы» атанған, алғашқы денеден тыс ұрықтандыру лабораториясының негізін қалаушы, «Экомед» адам ұрпағын өрбіту емханасының ғылыми директоры, биология ғылымдарының докторы Байқошқарова Салтанат Берденқызымен кездесу өтті.**

Кездесу барысында кеш қонағының өмірі мен еңбек жолы туралы түрлі видеороликтер мен презентациялар көрсетіліп, көпшілік назарына ұсынылды.

Құрметті қонақ университет қабырғасында оқып жүрген кездегі түрлі қызықтарымен бөлісе отырып, биология, соның ішінде эмбриология саласының қыр-сырларын түсіндірді. Білікті маман медицина саласындағы тәжірибе жайында да сөз қозғап, студенттерді үздік болуға қанаттандырды. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың балалы болмау себеп-салдарларын түсіндіріп, жігіттер мен қыздарға репродуктивті биология жайында кенінен мағлұмат берді. Сондай-ақ ол ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге қатысты көптеген танымдық кеңестер берді.

**Саят ШАРАХМЕТОВ,**  
биология және биотехнология факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы

## Лето творчества с CANON

**Компания Canon Europe пригласила студентов факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби принять участие в конкурсе видеороликов «Энергия будущего», посвященном EXPO-2017. Конкурсную нашу студентам составят будущие журналисты Назарбаев Университета и KIMEP. Борьба обещает быть жаркой.**

Первая встреча организаторов и студентов КазНУ им.аль-Фараби состоялась 4 мая на факультете журналистики. Торговый представитель фирмы Canon Europe в Казахстане Дана Адамова и и.о. доцента кафедры печати и электронных СМИ факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби Асель Мусинова объяснили студентам условия участия.

Конкурс стартует 15 мая и закончится 25 августа 2017 года, незадолго до окончания Международной специализированной выставки в Астане. Затем компетентное жюри, в состав которого войдут представители фирмы Canon Europe, вузов-участников конкурса, а также известные казахстанские режиссеры и продюсеры, определят победителей.

Церемония награждения будет проведена на EXPO-2017 в павильоне Австрии 6 сентября 2017 года. Среди призов – именные сертификаты участников, ваучеры для покупки фото- и видеопродуктов от Canon:

I место – в эквиваленте 600.000 тенге, II место – в эквиваленте 400.000 тенге.

Условия работы участников самые привлекательные: командам для съемок предоставлены видеокамеры компании Canon.



Предварительно с отобранными кандидатами будет проведен ряд мастер-классов по обучению работе с аппаратурой.

Неподдельное внимание студентов привлек первый мастер-класс, который был проведен в день презентации проекта. Известный казахстанский режиссер и оператор Рубен Казарян познакомил ребят с камерами EOS C300 EF и XF305, картами памяти 16GB и линзами EF-S 18-135 и EF 24 f/1.4L – аппаратурой Canon, с которой и предстоит работать участникам конкурса.

Помимо производства фильма с использованием видеокамер Canon, жюри будет оценивать фильмы по таким критериям, как соответствие сюжета главной теме, четкая структура и целостность фильма, оригинальность, креативность раскрытия основной темы, хронометраж, который не должен выйти за рамки 3-5 минут.

Вместе с творческой составляющей будет оценено мастерство работы с видео-аппаратурой: устойчивость камеры, четкость обрамления и фокусировки, съемка крупным планом или с разных ракурсов. Важными станут процессы редактирования и постпроизводства, которые должны помочь ясно передать суть картины. Отдельно будет оценен саундтрек, который должен дополнить историю фильма. На первом мастер-классе определили количество и составы команд. Было решено, что наш университет представят три команды студентов 2 и 3 курсов бакалавриата факультета журналистики КазНУ им.аль-Фараби.

Так что лето для конкурсантов обещает быть креативным и по-настоящему жарким. Пожелаем ребятам удачи и победы!

**Асель МУСИНОВА,**  
и.о.доцента факультета журналистики

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқып, біз XXI ғасырда қалай ұлт болу, әсіресе қазақ ұлтын мәңгі сақтап қалу жайлы ойларға қанықтық. Президентіміздің «Жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса, онда біз адасамыз» деген сөзі бәрімізге де үлкен әсер етті.**

# Рухани жаңғыруға негіз болған мақала



Президенттің мақаласын жан-жақты талқылап, оның мәнін, мазмұнын жас ұрпақ санасына жеткізу — біздің, яғни университет ұстаздарының маңызды міндеті. Осы орайда биология және биотехнология факультеті «Биофизика және биомедицина» мамандығының студенттері мен кафедра мұғалімдері тәрбие сағатын өткізді. Оқытушылар ұлттың рухани коды деген сөздің жаңа бір тренд екендігін, ал осы кодты анықтау үшін басты назарды неге аудару керектігі жайлы сөз қозғады. Ұлттық код дегеніміз — біздің өткен тарихымыз, сол кезеңдегі халыққа белгілі тұлғалар — әл-Фараби, Абай, Махамбет, Алаштың ардақты ұлдары, олардың халқы үшін артына тастап кеткен рухани мұралары, өсиеттері. Сонымен бірге ұлттық код — ғылым мен білім, философиялық мәні зор үдеріс екендігін тілге тиек етті.

Пікірталасуға студенттер де ойқосты. Студент Б. Қадырбек Президент мақаласында айтылған «Үш тілде білім беру» туралы өз пікірін білдірді: «Біз жана заманда, жаңа ғасырда өмір сүріп, білім алып келеміз. Ғылыми ақпараттарды интернет жүйесінен алу үшін орыс, ағылшын, т.б. шет елдердің тілін білу қажет. Мақаланың мазмұнын түсіну, ұғыну үшін сол елдің тілін меңгеру маңызды. Университет қабырғасында шет тілін аптасына 4 кредит бөліп, ақысыз-

пұлсыз оқытып жатыр. Бұл мүмкіндікті біз, жастар жіберіп алмауымыз керек. Кез келген шет тілін — ағылшын, француз, қытай, түрік, жапон тілдерін үйренгіңіз келсе, мүмкіншілік мол». Сондай-ақ ол біздің университетте дүниежүзінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық жолға қойылғанын атап өтті. «Білім алуды магистранттар жыл сайын шет елдің оқу орнына барып білімін арттырып, тәжірибе жинақтай

алады. Тіпті шетелдік оқу орнында оқу арқылы екінші дипломды да иеленуге болады. Сондықтанда Президентіміздің, үкіметіміздің және университет ректорының жасап отырған қамқорлығына рахмет!» — дейді студент.

Ал 3-курс студенті Г. Рахметова: «Әлемнің үздік жүз оқулығының қазақ тілінде шығуы — сондай қуантарлық идея. Әсіресе, биология ғылымы саласында әлемдік деңгейде мойындалған көптеген оқулықтар,

монографиялар бар. Ондай фундаменталды оқулықтарды студенттердің барлығы бірдей ұғына қоймайды. Сондықтан арнайы мамандар авторлық ұжым құрып аударатын болса, бұл білім сапасын көтеруге зор көмегін тигізер еді», — деп қуанышын жасырмады.

Сондай-ақ мақалада 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілді. Біздің қазақ сонау 1940 жылға дейін латын әрпімен хат жазып, оқып келді. Кеңес Одағының құрамына енгеннен кейін кириллицаға көшіп, бүгінге дейін қолданып келеміз. Қазіргі кезде көптеген мемлекеттер Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан латын әліпбиін қолданады. Сондықтан одан жасқанын ештеңе жоқтығы аян.

Президент дамудың эволюциялық жолын жақсы түсіндірді: «Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа — эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді», — деді. Шындығында да, бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауы, одан кейінгі көптеген республикада болып жатқан түрлі-түсті революциялар — Грузияда, Украинада, т.б. халыққа қаншама қиындықтар туғызуда. Әсіресе, бейбіт қарапайым халықтар зардап шегуде.

«Келісіп пішкен тон келте болмас», — дейді қазақ. Егер барлығы диалог түрінде орындалатын болса, ол эволюциялық дамудың алғышарты деп айтуға болады. Тәрбие сағатына жиналған кафедра ұстаздары осы және өзге де ойларын ортаға салып, кенінен пікір алмасты.

**Н.Т. ТОРМАНОВ,**  
*биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры*

## ПЕДАГОГИКА СОТРУДНИЧЕСТВА

**С 10 мая по 16 мая 2017 года преподаватели КазНУ имени аль-Фараби профессор кафедры педагогики А.С. Магауова, профессора кафедры русской филологии и мировой литературы Ж.Х. Салханова, А.Б. Туманова проходят научно стажировку в Японии на базе Университета Цукуба, входящего в Топ-100 университетов мира. Программа стажировки была очень насыщенной и включала прием в Министерстве образования, культуры, науки и технологий; посещение начальной и средней школ; прослушивание лекций профессоров Университета Цукуба Теруюки Фудзита, Ходака Фудзия, Такаси Хироси, Наохири Хигучи.**

Тематика лекций затрагивала актуальные проблемы педагогической науки: опыт и задачи интернационализации высшего образования, структуре обязательного среднего образования, система образования на протяжении всей жизни. Прослушав лекции, мы убедились в том, что Япония в настоящее время является не только одной из ведущих стран капиталистического мира по уровню промышленно-технического развития, но и страной с высоким уровнем общей грамотности, являющейся одним из важных, необходимых оснований развития современной культурной жизни. После реформ 1868 г. был учрежден ряд университетов и институтов, в 1871 г. учреждено Министерство просвещения, издавшее в 1872 г. Положение об образовании, которое вводило единую, централизованную систему всеобщего и обязательного образования: «Ни одна семья, ни в городе, ни в деревне, не должна остаться не охваченной образованием. Этого требуют интересы укрепления государства». Так было определено «стратегическое» значение всеобщей грамотности, и образование, наряду со службой в армии и уплатой налогов, стало рассматриваться как третья важнейшая обязанность японца.

Особое место в программе стажировки было отведено посещению начальной и средней школ, когда удалось воочию увидеть практику преподавания, пообщаться с учителями, задать вопросы директорам школ, увидеть японских школьников в условиях реального учебного процесса. Девиз японской школы «Радость-мечта-здоровый образ жизни» поразил своей философской глубиной, направленностью в будущее, заботой о каждом ученике, искренней заинтересованностью и преданностью профессии японских педагогов. Действенность японской системы образования, ее необыкновенная результативность объясняются не только традиционным трудолюбием японцев и дисциплинированностью, но и историческими и культурными традициями, единством языка и культуры, обеспечивающим монолитность нации (в японском обществе практически не существует проблемы этнических различий как оформленной в общественном сознании).

Современная японская культура уходит корнями в традиционную сельскую общину, в которой люди должны были очень тесно сотрудничать, чтобы обеспечивать свою жизнь. Поэтому детей воспитывали таким образом, чтобы они в первую очередь умели ужиться с другими людьми. Сотрудничество, а не индивидуализм, стояло на первом месте, поэтому члены группы защищались и поддерживались всей группой; самонадеянность, отстаивание своих притязаний рассматривались как неповиновение. Подобный подход разительно отличается от западного типа воспитания, особенно от американского, уделяющего больше времени воспитанию индивидуальности, креативности и уверенности в своих силах.

Японцы, синтезировав все последние достижения педагогической науки с особенностями построения японского социума, смогли обеспечить своей стране не только впечатляющие темпы роста экономики, но и достаточно высокий уровень жизни. Они как никто другой понимают, что эффективная система образования в стране с высоким уровнем автоматизации является не то, что обязательной, она является жизненно необходимой. Поэтому можно с уверенностью сказать, что львиная доля экономического и социального развития этой страны является следствием грамотно построенной системы образования. Стажировка в Японии, опыт педагогического сотрудничества убеждает в том, что казахстанской системе образования есть что позаимствовать у такойво многих смыслах передовой страны, как Япония.

**Ж.Х. САЛХАНОВА,**  
*д.п.н., профессор кафедры русской филологии и мировой литературы*

**Современная политика – особый род занятий, требующий серьезной подготовки, высокого профессионализма и разделения труда, поскольку ошибочные решения в данной области могут дорого стоить обществу.**

## ПОЛИТОЛОГ – КАК ПРОФЕССИЯ И ПРИЗВАНИЕ



Политолог — это специалист в области политических процессов и политических технологий, эксперт по политическим проблемам, в области управления и руководства. Он владеет методами прикладной политологии, сбора и анализа эмпирического материала, подготовки и проведения избирательных кампаний, массовых политических акций и ряда других политических технологий. Это специалист, способный дать объективный анализ политической ситуации, организовать работу пресс-служб, наладить контакт со средствами массовой информации. Политолог может принимать участие в подготовке, разработке, принятии, исполнении и контроле за исполнением политических решений. Такой специалист способен отстаивать интересы населения в органах власти, т.е. работать в депутатском корпусе, налаживать контакты с политической элитой других регионов и с зарубежными партнерами.

Политолог может проявить себя в области организационно-управленческой, аналитической деятельности, может собрать информацию, управлять политическими процессами и повышать их эффективность. В этой связи политолог занимается анализом полученных сведений для совершенствования работы организации и ее подразделений, а также для прогнозирования развития ситуации, что особенно важно в современных условиях. Политический консалтинг открывает перед выпускниками возможности карьерного роста в специализированных фирмах, оказывающих консультационные услуги по вопросам,

связанным с происходящими политическими процессами, расстановкой политических сил, в том числе с использованием новых технологий. Научно-исследовательская деятельность реализуется, прежде всего через обучение в магистратуре, а в последующем и в докторантуре. Педагогическая деятельность политологов может осуществляться в школах, лицеях, учебных заведениях начального профессионального образования, техникумах, колледжах, ВУЗах. Политолог может работать в органах законодательной и исполнительной власти любого уровня, в политических партиях, общественно-политических организациях и движениях, в консалтинговых службах, в пресс-службах органов управления и контроля, а также в средствах массовой информации и всех видах учебных заведений.

Следует отметить, что без знания концептуального языка политической науки, используемого профессионалами во всем мире, без усвоения концептуальных рамок и исследовательских моделей, без владения современной методологией и методиками невозможно претендовать на звание политолога. В этой связи отличительная особенность качественного политологического образования — наличие четкой образовательной стратегии, направленной на удовлетворение конкретных рыночных потребностей.

**Асем МУХИТДЕНОВА,**  
*канд.полит.наук кафедры политологии и политических технологий*

# ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ ӘРІ ӘРІПТЕС

**Биылғы жылдың 25 мамырында ҚазҰУ-дың аса құрметті профессоры Раушан Елемесұлы Елемесов мерейлі 75 жасқа толмақ.**

Раушан Елемесұлының балалық шағы мен оқушылық жылдары Оңтүстік Қазақстанда өтті. Ол соғыстан кейінгі аяуыр жылдар еді. Сұрапыл соғыс көп отбасының шаңырағын шайқалтты. Соғыс Раушан Елемесұлында әкесінен айырды. 1942 жылдың күзінде сол кездегі әскер қатарына шақырылып, іс-түссіз жоғалды. Анасы Зейне болса, төрт баланы асырап-бақты. Сонау қиын шақтың ауыртпалығына қарамастан, Раушан Елемесұлы Елемесов 1961 жылы орта мектепті үздік тәмамдады. 1961 жылдан 1964 жылға дейін ол Мәскеудегі генерал Қарбышев атындағы Инженерлік академияда әскери борышын өтеді. Әскердегі қызметін аяқтағаннан кейін ол ЖОО-дағы оқуын жалғастыруға бел буады.

Раушан Елемесұлы Елемесов атақты М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде жоғары деңгейлі білім алды. Өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасы мен 70-жылдардың басында ол ең үздік студенттердің, содан кейін ММУ-дың экономикалық факультетінің аспиранттарының бірі болды. Оқуға түсуі және оны сәтті аяқтауы, содан соң аспирантураны кандидаттық диссертация қорғауға жалғастырғаны оның зор таланты мен еңбекқорлығын байқатты. Раушан Елемесұлы сынды ауылдық мектепті бітірген және әскерде қызмет еткен кез келген бозбала ондай таңғаларлық жетістіктерге жете алмас еді. Сол жылдары ММУ-дың экономикалық факультетінде тек ғылыми тәжірибе жинап қана қоймай, еңбек және әскери қызметімен де танылған болатын. Одақта ғана емес, оның сыртында да абыройы асқақ көрнекті ғалымдар сабақ берді.

1972 жылы аспирантураны бітіріп, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған соң, сол жылы негізі қаланған, қазіргі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне жұмысқа жіберілді. Ол өз қызметін саяси экономика кафедрасының аға оқытушысы болудан бастады және ҚарМУ-дың экономикалық факультеті білімінің бастау бұлағы болған ғалымдар мен оқытушылардың бірі болды. Содан кейін 1981-1986 жылдары, Р.Е. Елемесов университеттің сырттай экономика факультетінің деканы болды. Аталмыш университеттегі өз қызметінің

барлық жылдарында ол өнімді ғылыми ізденістер жүргізіп, Қарағанды қаласының мен облысының қоғамдық өміріне белсене араласты.

1988 жылы Раушан Елемесұлы ҚазССР ҒА Орталық-Қазақстандық бөлімшесіндегі қызметке ауысты. Мұнда 1993 жылға дейін еңбек етті. Бұл жылдары ол «Орталық Қазақстан», «Индустриалды Қарағанды» газеттерімен, облыстық радио және телевидениемен белсене бірге қызмет істеп, «Казахстанская правда» және мәскеулік басылымдарда мақалалары жарияланды. Ел экономикасының нарықтық жағдайға өтуінің тәжірибелік мәселелерімен айналысты. Оның жүргізген барлық зерттеулері облыс басшылығының жоғары бағасына ие болып, тәжірибеде қолданыс тапты.

1993 жылы Раушан Елемесұлы отбасымен бірге Алматы қаласына көшіп, экономикалық қызметті реформалау саласындағы жұмысын жалғастырды. Бастапқыда ҚР Кәсіпкерлік қорының атқарушы директорының орынбасары ретінде, кейінірек, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің экономикалық реформалар бойынша комитетінің кеңесшісі болды. Бұл кезеңде ол жаңа экономикалық саясаттың тұжырымдамаларын, шағын және орта бизнестің даму бағдарламаларын дайындауға қатысты.

Р.Е. Елемесов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі еңбек жолын 1995 жылы экономика және бизнес факультетінде алғаш ашылған халықаралық экономикалық қатынастар кафедрасының меңгерушісі қызметінен бастады. 2001 жылдан 2005 жылға дейін осы факультеттің деканы қызметін атқарды. Сонымен қатар 1995 жылдан 2001 жылға дейін Раушан Елемесұлы «Вестник КазНУ» экономикалық серияларының жауапты хатшысы, 2001 жылдан 2005 жылға дейін бас редакторы болды.

Біздің университетте қызмет атқарған уақыты да Раушан Елемесұлы үшін өте табысты әрі жемісті болып табылады. 1998 жылы ол экономика ғылымының күрделі саласы — экономика ғылымының әдістемелік мәселелерін зерттеген докторлық диссертациясын қорғады. Оның

«Экономикалық жүйе ауысуының әдістемелік және теориялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы сол кезеңде посткеңестік республикаларда болған нарықтық өзгерістерге ғылыми дәлелдер келтірді.

ҚазҰУ-дағы әлемдік экономика және халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы мамандарды дайындаудың қалыптасуы мен дамуы Раушан Елемесұлы Елемесовтің есімімен тығыз байланысты. Оның басшылығымен халықаралық экономикалық қатынастар саласының жаңа оқу пәндерін меңгерген оқытушылардың жоғары білікті ұжымы қалыптасты, аталмыш мамандық бойынша студенттерге арналған республикадағы алғашқы оқу құралдары шығарылды.

2005 жылдан бастап оның қызметі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде жалғасты. 2009 жылы Раушан Елемесұлы «Әлемдік экономика» мамандығының Қазақстан Республикасының жоғарғы және ЖОО-дан кейінгі білім берудің мамандықтар классификаторы бойынша құрылған авторлар тобын басқарды.

Қазіргі уақытта Р.Е. Елемесов белсенді түрде ғылыми және оқытушылық қызметпен айналысуда. Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, Диссертациялық кеңестің мүшесі болып табылады. Оның жетекшілігімен экономика ғылымы бойынша төрт докторлық және жиырмаға жуық кандидаттық диссертация қорғалды. 2013 жылы оның жетекшілігімен республикадағы PhD дәрежесін «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша А.Ондаш тұңғыш қорғап, бүгінде факультетіміздің белді оқытушысы.

Р.Е. Елемесов — екі жүзден астам әртүрлі жарияланымдардың авторы, «Әлемдік экономика» мамандығын оқытудың барлық үш сатысы бойынша сабақ жүргізеді. Оның редакциялығымен қазақ және орыс тілдерінде шыққан оқулықтар мен оқу құралдары оқу үрдісінде үлкен сұранысқа ие. Олардың арасында «Халықаралық экономикалық қатынастар», «Экономикалық ғылымдар методологиясы бойынша очерктер» (қазақ және орыс тілдерінде), «Америка Құрама Штаттарының экономикасы», «Шет елдер экономикасы» бар. Раушан Елемесұлының еңбектері — монографиялар, ғылыми



мақалалар, оқулықтар, сонымен қатар, әртүрлі жобалар мен халықаралық конференцияларға қатысуы Қазақстан экономистерінің ғылыми ортасында жоғары бағаға ие.

Экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР Жоғарғы мектебі Ғылым академиясының толық мүшесі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері марапаттары Раушан Елемесұлы Елемесовтің қажырлы әрі табысты еңбек жолының нәтижелерін лайықты түрде айшықтай түседі.

Раушан Елемесұлының ғылым және жоғары білім беру саласындағы үлкен жетістіктерімен қатар, біз үшін, оның шәкірттері мен әріптестері үшін бағасыз адамгершілік қасиеттерін — жақсы әріптес, жылы шырайлы, парасатты әрі әділетті адам екендігін, кез келген жағдайда мәселенің мәнін анықтап, оның шешімін табуға қабілеттілігін айта кету аса маңызды.

Раушан Елемесұлы әлемдік деңгейдегі ғалым және керемет педагог қана емес, тамаша отағасы да. Ол өз жары Сара Әбдіғалимовамен бірге екі бала — Асқар мен Құралайды өсіріп, тәрбиеледі. Профессор Р.Е. Елемесов бүгінде төрт немеренің сүйікті атасы.

Біз Раушан Елемесұлын ерекше құрметтейміз және шын жүректен мерейлі 75 жасымен құттықтаймыз! Зор денсаулық, отбасына амандық, ауызбіршілік пен бақ-береке тілейміз!

**Ә.ғ.к. Л.А. МЕДУХАНОВА,**  
**ә.ғ.к. Н.Е. ДАБЫЛТАЕВА**

**Халқымыздың батыр ұлы Б. Момышұлы «Ұстаздық — ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» деп бекер айтпаған.**

Адам баласының өмірлік жолында айрықша із қалдыратын ұстаздар болады. Бірі жан дүниесінің кеңдігімен, бірі терең білімділігімен, бірі асқан мәдениетімен ерекше өзіне баурап алатыны бар. Ал, осы қасиеттердің бәрі бір тұлғада тоғысуы ол адамның ерекше болмысын айқындаса керек.

Міне, сондай жандардың бірі, «Білімнің күні жарық» дегендей, студенттік өмірде білімнің жарық сәулесін сыйлаған ұстазымыз, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, білімнің қара шаңырағы — Қазақ ұлттық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы Раушан Елемесов ағайымыз 75 жасқа толып отыр.

Ұлттық университет қабырғасында бірегей ұстаздардан дәріс ала бастағанда-

## Ұстаз туралы толғаныс

ак әр оқытушының өз ерекшелігін саралап қоятынбыз. Алайда, профессор Раушан Елемесов ағайдың ең алғашқы дәрісін бүкіл аудитория бір деммен тыңдап шықты. Дәрістен соң әрбіріміз өз әсерімізбен бөлісіп, аса бір ықыласпен ағайымыздың салмақты, салалы ойларын талқыға салып, мамандығымыздың қыр-сырына енді ғана бойлап жатқанымызды сезінген едік.

Сол күннен бастап ағайымыздың әрбір дәрісін асыға күтетін болдық. Бізбен қатар университеттегі жас оқытушылар да Елемесов ағайдың рұқсатын алып, дәріске қатысатын. Әрине, бұл жағдайлар ағаймызға деген құрметімізді одан ары еселей түсті. Ағайдың дәріс оқу шеберлігі мен сөйлеу мәнері, аудиторияға деген ілтипаты, қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстауы, қарапайым қалпы, телегей теңіз білімі бізге ерекше әсер етті. Әрбір дәрісін бағалы дүниедей қабылдадық, сол қабырғаларда есейдік, білімнің көкжиегін кеңейттік, ізденіске

ұмтылдык, ғылым қумаққа бел байладық.

Экономиканы зерттеген ғалымдар көп болғанымен, экономиканы қалай зерттеу керек екендігін зерделеген ғалымдар саусақпен санаулы десек те болады. Елімізде ғана емес, посткеңестік елдерді қоса алғанда да сол санаулы ғалымдардың бірі де бірегейі — Раушан Елемесов. Ғалымның «Экономика ғылымдары методологиясы жөніндегі очерктер» еңбегі — ғылымға ден қойған әрбір жас зерттеушілер үшін ұзақ та күрделі ғылым жолында айнымас жолсерік, адастырмас шам-шырақ. Ағайдың қай еңбегін қолға алсақ та тек профессор Елемесовке ғана тән ырғақ, ағайдың өз дауысы, өз бояуы, ағайдың байыптылығы, ағайдың терең философиялы тәсілдемесі ақ қағазға қара сиямен өрнектеліп тұрады. Профессор Раушан Елемесов — көптеген жастардың ғылыммен айналысуына, ғылымның дамуына өз үлестерін қосуына үлкен ықпал жасаған тұлға, өнегелі ұстаз, кеменгер ғалым.

Ғұлама адамдар неғұрлым білім тереніне бойлаған сайын, өзінің қарапайым болмысын жоғалтпайтыны анық. Ия, ағайымыздың осы бір қарапайым болмысынан ғұлама ғалымның, ұлағатты ұстаздың қандай болатындығын таныдық, ажырата білдік.

Уақыт зымырап, бойдағы білімді еңбекте сынайтын кезіміз де келгендей. Жаны жайсан, жанары ізгі, өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Еліміздің қай жерінде қызмет етсек те ағайымызға деген құрметіміз жүрегімізде мәңгі сақталмақ.

Ардақты ұстазым, Сіздің шығармашылықтағы жетістігіңіз ұшан-теңіз, абыройыңыз асқақ, мәртебеніз биік.

Құрметті Раушан Елемесұлы! Мерей белесіндегі 75 жасыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз!

**Амалбек ӨМІРТАЙ,**  
*әлемдік экономика магистрі*

**ҚазҰУ командасы Түркі ЖОО-лары қауымдастығының I спорттық ойындарында I орынды жеңіп алды**

# ЛИЧНОСТЬ В МИРЕ ЛЮДЕЙ

**Интеграция казахстанских университетов в мировое образовательное пространство предполагает развитие компетентного подхода как основы практической подготовки профессионалов, способных адаптироваться к глубинным технологическим изменениям экономики и социальной модернизации.**

Статус социологии работы, основанной на гуманистическом подходе «заботы о других», возрастает во всем мире, поскольку она способствует позитивным социальным изменениям в контексте идей о социальной справедливости, правах человека и гражданина, являющихся важными и универсальными для разных культур. В статье Лидера Нации Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» отмечается важность изменения сознания людей. Среди конкретных проектов, необходимых для обеспечения политической реформы и модернизации экономики, создание полноценных условий для развития образования студентов по социальным и гуманитарным наукам. Среди них особое место занимает социология как одна из ведущих общественных наук, которая позволяет понять место человека в мире современных технологий, объяснить изменение социальных институтов общества и вместе с тем их неизбежность, раскрыть острые социальные проблемы, конфликты,

становление современных идей равенства, свободы и справедливости. Анализируя генезис взглядов на роль личности в истории, профессор М.Ф. Пузиков размышляет о важности патриотического воспитания молодого поколения как модусе современного казахстанского общества. Происходящие в мире сложные социально-политические процессы, нестабильность политической обстановки, экономические трудности и растущее социально-экономическое неравенство негативно воздействуют на развитие общества. В этой связи острой стала проблема утверждения и расширения влияния идеологии религиозного экстремизма и терроризма. Как отмечает автор, основная опасность религиозных фанатиков состоит в том, что, попав в сети данных взглядов, человек покидает свою семью и сообщество, отрицает существующие в обществе устои и ценности, готов на крайние поступки, опираясь на «радикальные» идеи. Молодые люди как социально уязвимая, более доверчивая, неопытная часть социума,

**Его любят студенты, уважают коллеги, ценят в профессиональной телевизионной сфере. Это доцент кафедры «Печати и электронных СМИ» КазНУ им. аль-Фараби – Амир Молдабеков, работающий на факультете журналистики вот уже 30 лет. Скромный, трудолюбивый, с юмором и юношеским задором он является мастером своего дела, который своим личным примером вдохновляет молодое поколение студентов на новые творческие задумки, телевизионные эксперименты, сюжеты, программы, фильмы.**

## РАЗВИВАЯ ТРАДИЦИИ

*Казахстанской ТВ школы*



О телевизионном и радиожурналисте, редакторе, политическом обозревателе Казахского радио и телевидения А.А. Молдабекове вешательная общественность знает не понаслышке. Амир Молдабеков родился в 1947 году в Акмоле (ныне Астана). Окончив школу, пылкий юноша в 1982 году поступил на факультет журналистики КазГУ им. С.М. Кирова, а в 1987 году успешно его окончил. Он может с гордостью сказать, что является учеником и последователем основателя телевизионной и радиожурналистики в Казахстане профессора Марата Карибаевича Барманкулова и несет по жизни наставления Учителя, развивая и передавая традиции казахстанской телевизионной школы студентам факультета журналистики КазНУ.

Школу профессионализма он прошел в Гостелерадиокомпании Республики Казахстан с 1971 по 1988 годы. В отделе внестудийных трансляций работал звукорежиссером, затем редактором. Отличные знания вешательной техники, мастерство владения сложным технологическим оборудованием, навыки работы, а также знания специфики радиодной и ТВ аппаратуры привели Амира Абусугитовича после завершения учебы на факультете журналистики КазГУ им. С.М. Кирова.

С 1989 г. по 2000 г. он возглавлял лабораторию телевидения и радио на кафедре теле-радиожурналистики КазНУ, а с 2002 г. по 2008 г. был начальником отдела ТСО и СОТ (технических средств обучения и современных обучающих технологий) КазНУ им. аль-Фараби. Постоянно совершенствуя и повышая квалификацию, Амир Абусугитович в 2003 году успешно защитил кандидатскую диссертацию по теме «Агентство «Хабар» – проблемы развития: 1995-2000 гг.» на звание кандидата филологических наук.

В 1995 году Амир Абусугитович стал лауреатом премии ЮНЕСКО за документальный фильм «Абай».

Свои знания А. Молдабеков передает студентам на курсах и спецкурсах: «Телевизионная техника и компьютерный монтаж», «Мастерство ТВ-редактора», «Видеомонтаж», «ТВ-режиссерское мастерство», «Прямой эфир», «Информационные программы на ТВ», «Мастерская написания сценария» и многие другие.

За время работы в университете им были опубликованы книги: «Пять структур «Хабара», «Бес белес», «Обзор книг и учебников М.К. Барманкулова по

«Основам ТВ-журналистики» и другие. Но главное детище Амира Абусугитовича – это видеопроекты по созданию 15 документальных фильмов, среди которых «Избранные речи Президента Н.А. Назарбаева», «Личность» – об Учителе, профессоре М.К. Барманкулове. В телерадиокомплексе КазНУ им. М. Барманкулова можно увидеть его электронные видеолекции ведущих профессоров КазНУ – З. Кабдолова, М. Буркитбаева, Ж. Дадебаева, об известных общественных и государственных деятелях, о писателях, журналистах.

А. Молдабеков организовал учебную студенческую студию «Сана» в университете, которая в настоящее время готовит радиопередачи и телевизионные программы на факультете журналистики университета. Неравнодушное сердце, знание своего дела, творческий подход и ответственное отношение к порученному делу А. Молдабекову создали ему заслуженный авторитет среди коллег и студентов.

Амир Абусугитович в 2016 году создал информационно-познавательный, научно-образовательный портал «Dashti Kurchak» (Страна Кипчаков). За это время им было подготовлено свыше 50 материалов, авторами данного сайта являются преподаватели, сотрудники факультета, университета, студенты КазНУ.

В этом же году А. Молдабеков был удостоен диплома «Алтын Жұлдыз» («Золотая звезда» – отечественная премия в области радио и ТВ) за организацию телестудии имени основоположника отечественного телевидения М.К. Барманкулова. Можно смело сказать, что А. Молдабековым создана школа телевизионного мастерства, традиции которой он передает молодому поколению будущих журналистов-телевизионщиков.

Мягкий, отзывчивый, немногословный он делом доказывает свое виртуозное мастерство, завораживает своим трепетным, патриотическим отношением к своей профессии так, что студенты влюбляются в свою будущую специальность и остаются ей верны на всю оставшуюся жизнь. Амир Абусугитович блистательно владеет всем арсеналом приемов как практика, так и теоретика телерадиожурналистики.

Доброго здоровья, долгих лет, Амир-ага, на выбранном поприще, счастья и радости!

Сауле БАРЛЫБАЕВА,

профессор факультета журналистики

ЛИЧНОСТЬ В МИРЕ ЛЮДЕЙ

М. Ф. Пузиков



более склонная к отрицанию сложившихся социальных порядков, оказывается восприимчивой к этим идеям. Поэтому необходимо с ними строить открытый диалог по обсуждению существующих в стране острых проблем.

Социология является тем полем, где это возможно сделать в полной мере, соединяя научный анализ с поиском и решением реальных вопросов развития общества. Опираясь на многочисленные примеры и данные социологических опросов, автор аргументирует, что в процессе обучения в университете необходимо развитие социального мышления, нравственное и патриотическое воспитание молодых людей, что будет способствовать формированию чувства любви к семье, родине, людям. Монография «Личность в мире людей» и учебник «История развития социальной мысли о человеке» имеют как теоретическое, так и практическое значение для обучения студентов-бакалавров и магистров основам общей социологии, социологии личности, политической социологии.

Н.У. ШЕДЕНОВА,

д.социол.н., доцент кафедры социологии и социальной работы

противоречия и найти пути их разрешения в условиях модернизации и глобализации, нелинейного развития современного мира. Современному студенту любой специальности как представителю образованной молодежи необходимо разбираться, как устроено общество и его разные сферы, как происходит взаимодействие людей и социальных групп. Это важно, поскольку жизнь человека строится в общественных контекстах и структурах, от уровня интеграции общества и здорового социального развития зависит благополучие и перспективы каждого из нас.

В этой связи вышедшие в издательстве КазНУ им. аль-Фараби труды профессора Михаила Пузикова: монография «Личность в мире людей» (2015) и учебное пособие «История развития социальной мысли о человеке» (2016) отвечают актуальным запросам студентов и преподавателей, поднимая социальные проблемы в новом ключе. В работах представлен обширный материал и авторская трактовка возникновения и развития социальной мысли о человеке, о роли социологического знания в развитии науки и общества. Автор уделяет значительное внимание взаимодействию человека и общества, процессу социализации, структуре личности, влиянию на ее

# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!!!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерінің бос жұмыс орындарына байқау жариялайды

## БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ BIOTEХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ – 27

1. Декан – 1
2. Биологтар және биоресурстар кафедрасы: доцент – 2; аға оқытушы – 5.
3. Биотехнология кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 5.
4. Биофизика және биомедицина кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы – 4.
5. Молекулалық биология және генетика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; аға оқытушы – 3; оқытушы – 1.

## ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ – 33

1. Декан – 1
2. ТҮРІКСОЙ кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 2.
3. Қиыр Шығыс кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 10.
4. Қытайтану кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 4.
5. Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 5.

## ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ – 28

1. Декан – 1
2. География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 6.
3. Картография және геоинформатика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы – 5;
4. Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы: профессор – 1 (техника ғылымдарының докторы); аға оқытушы – 2; оқытушы – 1.
5. Метерология және гидрология кафедрасы: доцент – 2; аға оқытушы – 3.
6. Рекрециялық география және туризм кафедрасы: доцент – 3; аға оқытушы – 2.

## ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ – 20

1. Декан – 1
2. Археология, этнология және музеология кафедрасы: профессор – 1; аға оқытушы – 3; оқытушы – 2.
3. Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 5
4. Қазақстан тарихы кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 3; оқытушы – 1.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ – 26

1. Декан – 1
2. Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 7; оқытушы – 1.
3. Дипломатиялық аударма кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы (ағылшын тілі) – 4; аға оқытушы (қытай тілі) – 1.
4. Халықаралық құқық кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 4; оқытушы – 3.

## ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ – 9

1. Декан – 1
2. Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 2.

3. Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары кафедрасы: аға оқытушы – 2.
4. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы: аға оқытушы – 3.

## МЕХАНИКА – МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ – 44

1. Механика кафедрасы: профессор – 2; доцент – 1; аға оқытушы – 2
2. Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасы: профессор – 1, доцент – 1; оқытушы – 2.
3. Информатика кафедрасы: профессор – 1; доцент – 3; аға оқытушы – 3.
4. Іргелі математика кафедрасы: профессор – 1; доцент – 3; аға оқытушы – 5
5. Математикалық және компьютерлік үлгілеу кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 2; оқытушы – 2.
6. Ақпараттық жүйелер кафедрасы: профессор – 2; доцент – 5; аға оқытушы – 3; оқытушы – 2.

## ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ – 39

1. Декан – 1
2. Плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 3.
3. Қатты дене және бейсыз физика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 3; оқытушы – 3.
4. Теориялық және ядролық физика кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 13.
5. Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы: аға оқытушы – 9.

## ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ – 25

1. Декан – 1
2. Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 1.
3. Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасы: доцент – 2; аға оқытушы – 3.
4. Химиялық физика және материалтану кафедрасы: аға оқытушы – 2, оқытушы – 2.
5. Органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 7.
6. Аналитикалық, коллоидтық және сирек элементтер химиясы мен технологиясы кафедрасы: доцент – 1.

## ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ – 49

1. Декан – 1
2. Қазақ тіл білімі кафедрасы: профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 2; оқытушы – 2.
3. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы: Профессор – 2; доцент – 2; аға оқытушы – 2;
4. Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 3.
5. Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 5.
6. Шет тілі кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 2.
7. Орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасы: профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 4.
8. Шет тілі кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы – 17.

## ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ – 54

1. Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы: профессор – 4; доцент – 11, аға оқытушы – 2; оқытушы – 3.
2. Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 4; оқытушы – 1
3. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы: профессор – 4; аға оқытушы – 3; оқытушы – 1.
4. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы: доцент – 2; аға оқытушы – 4; оқытушы – 1.
5. Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 1.
6. Философия кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 2; оқытушы – 1

## ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ – 16

1. Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы: аға оқытушы – 4.
2. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы: доцент – 2; аға оқытушы – 2.
3. Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу, криминалистика кафедрасы: профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 2.
4. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 1.

## ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ – 72

1. Декан – 1
2. Экономика кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 3; доцент – 3; аға оқытушы – 7; оқытушы – 2.
3. Есеп және аудит кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 2; доцент – 5; аға оқытушы – 4; оқытушы – 2.
4. Қаржы кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 3; доцент – 2; аға оқытушы – 1; оқытушы – 1.
5. Менеджмент және маркетинг кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 5; доцент – 9; аға оқытушы – 13; оқытушы – 5.

## МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ – ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ – 47

1. Декан – 1
2. Биостатистика және дәлелдеу медицинасы кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 1; доцент – 4; аға оқытушы – 3.
3. Эпидемиология және гигиена кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 2.
4. Денсаулық сақтау саясаты және оны ұйымдастыру кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; профессор – 2; доцент – 2; аға оқытушысы – 2; оқытушы – 1.
5. Дене шынықтыру және спорт кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы – 19; оқытушы – 4.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ – 11

1. Декан - 1
2. Тілдік және жалпы білім беру кафедрасы: аға оқытушы – 8.
3. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы: доцент – 1; оқытушы (математика пәнінен) – 1.

## ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ

1. Бас библиограф – 1.
- Қойылатын талаптар:**
- Жоғары кәсіптік білім немесе ғылыми дәрежесі бар жоғары педагогикалық білім;
  - Библиограф ретінде кем дегенде 3 жыл жұмыс өтілі немесе кітапханатану саласында кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;
  - Аталған сала бойынша отандық және шетелдік жетістіктерді білу;
  - Қазақ, орыс тілдерін білу, шет тілін білу құпталды.
- Жалпы: 501

## ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

2017 жылдың маусым айының 24 жұлдызына дейін (қоса алғанда)

## Қажетті құжаттардың тізімі:

1. Университет ректорының атына өтініш;
2. Кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс парағы; өмірбаян;
3. Нотариалды расталған жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесін растайтын дипломдарының көшірмесі; ғылыми атағын растайтын аттестат көшірмесі;
4. Ғылыми еңбектерінің тізімі (болған жағдайда);
5. Анкета;
6. Соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
7. Біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі (болған жағдайда);
8. Жеке медициналық кітапша (№086 медициналық анықтама), флюорография;
9. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Академиялық саясаты бойынша тест тапсырғаны туралы анықтама ([www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)).

## СОНДАЙ-АҚ БОС ОРЫНДАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫДАҒЫ ХАБАРЛАНДЫРУ «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 24 МАМЫРДАҒЫ САНЫНДА ЖАРИЯЛАНДЫ.

## Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы мен қызметкерінің корпоративтік мәдениет Кодексін білуі және сақтауы;
2. Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағының болуы;
3. Ғылыми білім беру ұйымында жұмыс тәжірибесінің болуы;
4. Оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектері;
5. Ғылыми зерттеулердің немесе халықаралық жобалардың белсенді қатысушысы болуы шарт;
6. Шет тілін білуі қажет;
7. Thomson Reuters и Scopus ақпараттық базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда жарық көрген ғылыми еңбектерінің болуы.

## ҚҰЖАТТАР КЕЛЕСІ МЕКЕН-ЖАЙДА ҚАБЫЛДАНАДЫ:

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ҚазҰУ, ректорат  
(№703, 704 бөлмелер);  
9.00-дан 18.00-ге дейін.  
(Адам ресурстары және архив басқармасы)  
Анықтама телефондары:  
8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (ішкі 11-71, 11-73),  
факс : 377 33 44.

# Шынықсаң, шымыр боларсың!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина факультеті, дене тәрбиесі және спорт кафедрасының оқытушылары: п.ғ.д., профессор Е.А. Алимханов, доктор PhD Ж.Б.Сабырбек, п.ғ.к., доцент Д.Т. Оңғарбаева, п.ғ.к., доцент Ф.Б. Мадиева, п.ғ.к., доцент М.О. Мырзаев, аға оқытушылар – Н.О. Байзакова, С.Ж. Отаралы «ДТЖС» мамандығының 1-4 курс студенттерімен бірлесе отырып, ҚазҰУ-да Қытай Халық Республикасынан келіп білім алушы студенттер арасында Президент сынақтарының жүгіру түрлерінен жарыс өткізді. Аталған жарысқа университетіміздің әртүрлі факультеттерінде 1-4 курс аралығында білім алушы 70-ке жуық студенттер қатысты.



көрсететін сынақтың жеті түрін қамтиды.

Аталған жарысқа қатысушы студенттер арасында Президенттік сынақтардың ұлдар арасында 100 м және 3000 м, қыздар арасында 100 м және 1000 м қашықтыққа жүгіру бойынша бақ сынады. Нәтижесінде қыздар арасында 100 метрге жүгіруден биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Айшуақ Пархат 1-орыннан көрінсе, механика-математика факультетінің 1-курс студенті Толғанай Махаббат 2-орын, химия және химиялық технологиялар факультетінің 1-курс студенті Жадра Мұрат 3-орынды иеленді. Ұлдар арасында медицина факультетінің 2-курс студенті Мәулен Нұрмұхамбет – 1-орын, 1-курс студенті Бауыржан Амантай – 2-орын, физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті Ылғар Нұргелді 3-орынды жеңіп алды. 1000 метрге жүгіруден механика-математика факультетінің 1-курс студенті Арай Гымынжан 1-орын, биология және

биотехнология факультетінің 1-курс студенті Айшуақ Пархат 2-орын, механика-математика факультетінің 1-курс студенті Зерде Баден 3-орынды иеленді. Ал 3000 метрге жүгіруден ұлдар арасында журналистика факультетінің 1-курс студенті Алғыс Серік 1-орын, биология және биотехнология факультетінің 4-курс студенті Құрманәлі Ұшан 2-орын, механика-математика факультетінің 2-курс студенті Бегали Сапар 3-орын иегері атанды.

Сондай-ақ жарысқа қатысушыларға «Жеңіске деген ынтасы үшін», «Үздік техникасы үшін» және «Жанкүйерлер көзайымы» номинациялары бойынша дипломдар табысталды. Жүлделі орын иегерлері ұлттық нақыштағы естелік сыйлықтармен, дипломдар мен және арнайы грамоталармен марапатталды.

**Ж.Б.САБЫРБЕК,**  
доктор PhD

ҚазҰУ командасы Түркі университеттері қауымдастығының I спорттық жарысында тағы да жеңіс тұғырынан көрінді. Байрақты бәсеке Бішкек қаласындағы «Манас» атындағы Қырғыз-түрік университетінде өтті. Аталмыш жарыста Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия елдерінен вoleyбол, баскетбол, футбол, грек-рим және еркін күрес, таяқ тартыс сынды спорт түрлері бойынша 250-ге жуық спортшы студенттер бақ сынасты.

## ҚазҰУ спортшылары, алға!

Ойын мақсаты студенттерді спортқа баулу, спортшы студенттердің спорттық шеберліктерін арттырып, түрік университеттері қауымдастығы арасында үздік спортшыларды анықтау болып табылады.

Атап өту керек, ҚазҰУ-дан бөлек, Қазақстан намысын қорғау үшін айтулы додаға ЕҰУ мен Қожа Ахмет Йассауи атындағы қазақ-түрік университеті қатысты.

Байрақты бәсекеде жеңіске жеткен студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!



## КАНОТ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БӘСЕКЕ

Білім қай ғасырда болмасын өзінің жаңа қырымен әрқашан дараланады. Сол даралану жолында білімді ұштастырған мемлекет ғана даму жолына түседі. Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек», – деген болатын. Осы қанатты сөзді ұранға алып, химия және химиялық технологиялар факультетінде және осы факультетке қарасты №13 Студенттер үйінде апта сайын интернет желісі арқылы аты мәлім Kahoot интеллектуалды-зияткерлік сайысын өткізіп келеміз. Сайыстың қызықты өтуіне аналитикалық, коллоидтық және сирек элементтер технологиясы химиясы кафедрасының оқытушылар құрамы мен «Атамекен патриоттары» клубының мүшелері атсалысуда.

«Қазақ хандығына – 550 жыл», «Алматыға – 1000 жыл», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы секілді тақырыптар аясында мәліметтер жинап, пайдаланамыз. Жарыс толықтай интернет бақылауында болатындықтан, алдымен зеректік пен шапшаңдық танытқан студенттер үздік шығады. Шараға қызыққан студенттердің саны апта сайын артып келеді. kahoot.it сайтына тіркелу арқылынебары 10-15 минутты қамтитын сайыс жеңіл де қарапайым функцияларға ие.

Қысқа минут ішінде көптеген пайдалы ақпараттар беретін сайыс білім көзі үшін таптырмас құрал болып табылады. Елбасымыз қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман деп бекер айтпаса керек. Сондықтан жастарымызға қазіргі заман талабына сәйкес білім беретін болсақ, бірлігі жарасқан еліміздің алар асуы биік, мақсаты анық болмақ.

**Дәулетбай АҚБАР,**  
PhD., аға-оқытушы

ҚазҰУ-дың баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының студенттері қазақ ертегісіне құралған ертегі кітаптарын жарыққа шығарды.

## СТУДЕНТТЕР ЕРТЕГІ КІТАПТАРЫН ШЫҒАРДЫ

Бұл студенттерге көктемгі семестрге берілген тапсырма болатын. Нәтижесінде студенттер балабақша мен бастауыш сынып оқушыларына арналған түрлі-түсті ертегі кітаптарын өздерінің бейнелеу өнеріндегі шеберліктерімен салып шыққан.

Студенттердің өз қолдарынан шыққан туындылардың жалпы саны 17 кітапты құрады. Олардың ішінде 5 ертегі, 6 еркін тақырыптағы жұмыс ұстаздардың көңілінен шығып, жоғары бағаға ие болды. Тапсырма барысында студенттер топтасып та жұмыс істеді. Бұл студенттер үшін өте жақсы тәжірибе болғаны сөзсіз.

**Бейсен СЕРІКБАЙ,**  
ҚазҰУ-дың баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының оқытушысы:

–Бұл – кафедра үшін тамаша жетістік. ҚазҰУ-да «Дизайнер» мамандығына дайындау небәрі 5-ақ жыл бұрын қолға алынғанына қарамастан, студенттердің шығармашылық деңгейі жоғары. Бұл журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлының бастамасымен қолға алынды. Жұмыстың барлығы CorelDRAW бағдарламасының көмегімен орындалған. Негізінде мұндай жұмыстар Adobe Illustrator бағдарламасында орындалуы тиіс және де арнайы компьютерге қосылатын графикалық планшетте салынып безендірілетінін жақсы білеміз. Әзірге біздің қолымызда мұндай мүмкіндік жоқ. Сүйінші даналар студенттердің жеке қаражатымен қолға тиді.

Ұлдана Аманжолқызы, Гүлфарус Шабдан екеуі бірігіп «Алтын балық» ертегісін, ал Заманбек



Кетебаев «Арыстан мен тышқан» ертегісін, Әлима Жәлел болса, өзінің «Ақторғын» атты ертегісін безендірді. Аталған студенттер 2-курс қазақ тобынан болса, 2-курс орыс тобынан Даяна Карагужинова «Ақылды қыз» ертегісін безендірді. Ал 3-курс бойынша ең жақсы жұмыс ретінде Ақжан Аманкелдінің «Патшаның қызы неге бақытсыз?» атты ертегісі танылып, Сандина Бисеннің «Ақылды Мұрат» еңбегі де жоғары бағаға ие болды. Сондай-ақ орыс бөлімінің студенттерінен Динара Абдуманапова Ева Ибботсонның «Мисс ведьма Мультивселенная» кітапшасын, ал Диас Төлеужанов «2017» атты кітапшасын ерекше безендірген.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фотоны автор түсірген

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17  
Тел: 8 (727) 273 - 12 - 04

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №3017**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.